ASCOLI


Тоңазытқыш пайдаланушы нұсқаулығы

ADRF310WEBI

таңғажайып мүмкіндіктер

ASCOLI компаниясының бұйымын сатып алғаныңыз үшін рахмет

Кіріктірілген тоңазытқыш



4783686

Мазмұны

Қауіпсіздік туралы маңызды ескерту 2
Бұйымды алғаш рет пайдалану 6

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық 7

- Орнатудың алдында білу маңызды 7
- Орнатуға арналған бөлшектер тізімі 8
- Бұйымның және шкафтың габариттері 9
- Орнату алдында дайындау 9
- Тоңазытқышты шкафтың ішінде орнатудың қадамдық нұсқаулығы 10
- Шкаф есігін орнатудың қадамдық нұсқаулығы 11
- Шкафтың есігін реттеу жөніндегі нұсқаулық 12

Негізгі функцияларын сипаттау 14

- Бұйымды алғаш пайдалануға арналған қадамдық нұсқаулық 14
- Тоңазытқыш компоненттерінің атауы 14
- Басқару панелі 15
- 1. Қуаттау батырмасы 15
- 2. Балғын өнімдерге арналған камераның температурасын реттеу 16
- 3. Жылдам суыту функциясы 16
- 4. Ашық есіктер туралы сигнал беру функциясы 16

Тоңазыту камерасын пайдалану кезіндегі нұсқаулар мен сақтық шаралары 17

- Әртүрлі өнімдерді сақтауға арналған ұсынылатын орындар 17
- Жемістер мен көкөністерге арналған контейнерді пайдалану 17
- Бөтелкелерге арналған сөрені пайдалану 17
- Тоңазыту камерасында өнімдерді сақтау кезіндегі сақтық шаралары 18

Мұздату камерасын пайдалану кезіндегі нұсқаулар мен сақтық шаралары 19

- Тоңазыту камерасында өнімдерді сақтау кезіндегі сақтық шаралары 19
- Мұздату камерасында өнімдерді сақтау кезіндегі сақтық шаралары 20

Тоңазытқышқа күнделікті қызмет көрсету 21

- Тоңазытқышты тазарту 21
- Тоңазытқышты тасымалдау 21
- Тоңазытқышты пайдалануды тоқтату 22

Жарамсыздықтарын анықтау және жою 23


Қосу сұлбасы, техникалық сипаттамалары 25

Осы нұсқаулықты болашақта пайдалану үшін немесе осы құрылғының басқа пайдаланушысы үшін сақтап қойыңыз.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқаулықтар

Құрметті сатып алушы,

Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Тоңазытқыштың дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету және жарақат алмау үшін осы нұсқаулықтың мазмұнын, сондай-ақ төмендегі келтіріліген ескерту белгілерімен мұқият танысып шығыңыз:



Пайдалану ережелерін бұзу жарақатқа әкелуі мүмкін



Пайдалану ережелерін бұзу жарақатқа әкелуі мүмкін



Қатаң тыйым салынған әрекет немесе операция



Сақталуы тиіс әрекеттер мен операциялар

1 Қауіпсіздік техникасын сақтау туралы ескертулер

1.1 Ескерту



Ескерту: материалдардың тұтану / жану қауіпі

ҰСЫНЫМДАР:

Аталмыш аспап тек тұрмыстық және тұрмыстық жағдайларға ұқсас жағдайларда, мысалы, дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орнжайларындағы ас үйлерде; фермерлік үйлерде және қонақ үйлерде, мотельдерде және басқа да осындай тұрғын орынжайлардағы тұрғындардың пайдалануына; «Төсек және таңғы ас» түріндегі орынжайларда; қоғамдық тамақтандыру орындарында және бөлшек емес мақсаттағы ұқсас мекемелерде пайдалануға арналған.

Жарақаттануды және электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін зақымдалған желілік кәбілді өндіруші, сервис орталығының өкілі немесе басқа білікті маман ауыстыруы тиіс.

Мұздату шкафында жеңіл тұтанатын жанғыш заттары бар аэрозоль баллондары сияқты жарылуға қауіпті заттарды сақтауға тыйым салынады.

Аспап пайдаланудан кейін және техникалық пайдаланушылық қызмет көрсетудің алдында желіден ажыратылуы тиіс.

ЕСКЕРТУ! Құрылғының желдеткіш саңылауларын жаппаңыз.

ЕСКЕРТУ! Ерітуді тездету үшін, өндірушімен ұсынылғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе өзге аспаптарды пайдаланбаңыз.

ЕСКЕРТУ! Салқындатқыш агенттің контурын зақымдамаңыз.

ЕСКЕРТУ! Электр аспаптарын өндірушімен ұсынылмаған түріне жатпайтын болса,мұздату шкафының бөлімдерінің ішінде қолдануға болмайды.

ЕСКЕРТУ! Аспапты пайдалану тоқтатылған жағдайда оны жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жарату керек, өйткені онда жанғыш газ және салқындатқыш агент қолданылған.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқаулықтар

ЕСКЕРТУ! Аспапты орнатқан кезде қуат баусымының қысылмағанына немесе зақымдалмағанына көз жеткізу керек.

ЕСКЕРТУ! Аспаптың артқы панеліне тасымалды розеткаларды немесе шағын қуат көздерін қоймаңыз.

Ұзартқыштарды немесе жерге тұйықталған (екі түйіспелі) адаптерлерді пайдалануға болмайды.

ҚАУІПТІ! Тоңазытқыштың ішінде баланың жабылып қалу қаупі бар. Аспапты лақтырып тастамас бұрын:

- Есікшелерді алып тастаңыз.
- Балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруді қиындату үшін сөрелерді орнында қалдырыңыз.

Аспап құрамдас бөліктерді орнатпас бұрын қуат көзінен ажыратылуы тиіс.

Аспапта қолданылатын салқындатқыш агент және циклопентанды көбіктендіргіш жеңіл тұтанғыш заттарға жатады. Сондықтан, аспапты кәдеге жарату кезінде оны кез-келген от көзінен аулақ ұстау керек, ал оны қайта өңдеуді тиісті біліктілігі бар кәдеге жаратуға мамандандырылған компания жүргізуі тиіс. Қоршаған ортаға зиян келтіруді немесе кез келген басқа зиянды болдырмау үшін жағу әдісімен кәдеге жаратуға жол берілмейді.

БҰЛ аспап дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жоқ адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, оларды бақылауда ұстайтын немесе олардың қауіпсіздігіне жауапты адам тиісті нұсқаулар берген жағдайлардан басқа;

Аспапты балалардың ойындарында пайдалану мүмкіндігін болдырмау үшін оларды бақылауда ұстау керек.

Электр қуаты

Қуатталуы

Бұл тоңазытқыш 220 В/50 Гц айнымалы тоқпен жұмыс істейді. Егер кернеудің ауытқуы тым үлкен болса (187-242 ауқымынан асып кетсе), тоңазытқыш жұмыс істемеуі мүмкін. Термостаттың компрессоры күйіп кетеді және өзіне тән емес дыбыстар шығара бастайды. Бұл уақытта ол қуаты 750 Вт-тан асатын автоматты түрде кернеу тұрақтандырғышымен жабдықталуы тиіс

Жерге тұйықтау

Тоңазытқышты қуаттау арнайы тәуелсіз және жерге сенімді тұйықталған розеткадан жүзеге асырылуы тиіс.

Қуат баусымы және аша

- Ашаны жұлқылап суырмаңыз Қуаттау ашасын қолыңызға мықтап қысып ұстап, содан кейін оны розеткадан тікелей қимылмен суырып шығарыңыз. Қуат баусымының тоңазытқышпен немесе пайдаланушымен қысылмағанына көз жеткізіңіз. Тоңазытқышты қабырғадан жылжытқан кезде қуаттау сымына зақым келтірмеуге тырысыңыз.
- Бүлінген қуат баусымын немесе тозған ашаны пайдаланбаңыз. Зақымдалған қуаттау баусымын ауыстыру үшін авторизацияланған сервис персоналына хабарласыңыз.

* Тазалау, қызмет көрсету және жарықдиодты шамдарды ауыстырудың алдында тоңазытқышты электр қуатынан ажыратыңыз.

Тағайындалуы

Жанғыш газдың жылыстауы

Жанғыш газ ағып кетсе, есіктер мен терезелерді ашыңыз, штепсель ашасын салмаңыз немесе шығармаңыз.

Өнімдерді сақтау

- Нағыз тұрмыстық тоңазытқышты тек тамақ өнімдерін сақтау үшін пайдалануға болады және қан, дәрі-дәрмек немесе биологиялық заттарды сақтауға арналмаған. Тоңазытқышта тез тұтанғыш және жарылуға қауіпті заттарды, сондай-ақ өте күйдіргіш қышқылдарды немесе сілтілерді сақтауға тыйым салынады.

* Үсіген жарықтар пайда болмас үшін бөтелкедегі сыра немесе сусындарды мұздату камерасына салмаңыз.

* Тоңазытқыш қосулы күйде болған кезде, мұздатылған бетке қолдың жабысып қалуын болдырмау үшін ылғалды қолыңызбен мұздату камерасындағы мұздату бетіне қол тигізбеңіз.

Қолдану ортасы

- Тоңазытқыш шкафқа кіргізіліп орнатылуы тиіс; шкафтың айрықшаламаларымен «Орнату бойынша нұсқауларда» танысуға болады.

* Тоңазытқышты жылу көздерінен аулақ ұстау керек және оның жұмысына кепілдік беру үшін күн сәулесінің тікелей түсуіне жол бермеу керек.

* Тоңазытқышты қоршаған ортаның теріс температурасында, ашық ауада немесе жаңбырдың астында ұстамаңыз.

- Тоңазытқышқа ылғалдың түсуіне жол бермеңіз, егер тоңазытқышқа су төгілсе, тот пайда болмас үшін немесе электр оқшаулауына зақым келтірмеу үшін оны дереу сүртіңіз.

* Ауыр заттарды немесе су құйылған ыдыстарды тоңазытқышқа салмаңыз, ауыр заттардың немесе контейнерлердің құлауынан болатын жарақат немесе электр тоғының шығысына жол бермеңіз.

- Электрмагниттік кедергілерді болдырмас үшін штепсель ашалары, тұрақтандырылған кернеу көзі, қысқа толқынды пеш сияқты электр аспаптарын тоңазытқыштың үстіне немесе ішіне орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.

* Өрттің алдын алу үшін тоңазытқыштың жанында бензин немесе басқа жанғыш заттарды сақтамаңыз немесе пайдаланбаңыз.

Қызмет көрсету

Тазарту

- Тоңазытқышты бүрку үшін суды пайдаланбаңыз, электр оқшаулауына зақым келтірмеу үшін тоңазытқыштың ылғалды ортада емес екеніне көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқышты тазалаған кезде ашаны розеткадан суырып алыңыз. Қуат көзіне қайта қосылмас бұрын тоңазытқыштың кем дегенде 5 минут өшірілгеніне көз жеткізіңіз, әйтпесе компрессор дәйекті жұмыс нәтижесінде істен шығуы мүмкін.

Техникалық қолдау

Тоңазытқышты бүрку үшін суды пайдаланбаңыз, электр оқшаулауына зақым келтірмеу үшін тоңазытқыштың ылғалды ортада емес екеніне көз жеткізіңіз.

Тоңазытқышты тек білікті маман ғана бөлшектей немесе жөндей алады. Қауіпті!

Тоңазытқыштың ішінде баланың жабылып қалу қаупі бар. Ескі тоңазытқышты немесе мұздатқышты тастамас бұрын:

- Есікшелерді алып тастаңыз.
- Балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруді қиындату үшін сөрелерді орнында қалдырыңыз.

Бұйымды алғаш рет пайдалану

Тоңазытқышты қолданудың алдында дайындау

1. Барлық орау материалдарын, соның ішінде пенопласттан жасалған негізін және жабысқақ таспаны құрамдас бөлшектерден алыңыз.

2. Құрамдас бөлшектер мен материалдарды тексеріңіз
Жеткізу жинағының тізімдемесіне сәйкес пакеттің ішіндегі бөлшектерді тексеріңіз. Сәйкес келмеген жағдайда сатушыға хабарласыңыз.

3. Тоңазытқышты дұрыс күйге қойыңыз.

4. Пайдалануды бастамас бұрын тоңазытқышты тазалаңыз (22-беттегі «Тоңазытқышты тазарту» тарауын қараңыз).

5. Тоңазытқыш тегістеліп, тазаланғаннан кейін қуат көзіне қосылмас бұрын 2 сағат күтіңіз.

6. Қорғаныс қабығын алыңыз
Пайдалануды бастамас бұрын, тоңазытқыштан қалдық жылуды кепілдендірілген шығару үшін қорғаныс қабығын алыңыз.

Бұйымды алғаш пайдалануға арналған қадамдық нұсқаулық

1

Қуат беру көзіне қосу

Қуат көзіне бірінші рет қосылғаннан кейін тоңазытқышты салқындату үшін бірнеше сағат қажет болады.

Әдепкі қалпы бойынша орнатылған температура: тоңазытқыш (5 °C), мұздатқыш (-18 °C)

2

Тамақты тоңазытқышқа салыңыз

Тамақты қуат көзіне қосылғаннан кейін 2-3 сағаттан кейін тоңазытқышқа салуға болады. Мұздату камерасында тым көп тағамды сақтамаңыз. Әр сөреде сақталатын өнімдердің жалпы салмағы 24 кг-нан аспауы керек.

3

Тоңазытқышты пайдалану

Өнімдерді салғаннан кейін тұрақты күйге жету үшін тоңазытқышты 24 сағат бойы қосулы күйінде ұстаңыз. Осыдан кейін температураны өзгертуге болады.

Кеңестер: Температура теңшелімдерін өзгерткеннен кейін, шкафтың температурасы тепе-теңдікке жеткенге дейін біраз уақыт керек болады. Ұзақтығы қоршаған ортаның температурасына, тоңазытқыштың есіктерінің ашылу жиілігіне және тоңазытқышта сақталатын өнімдерге байланысты.

Орнату бойынша нұсқаулар

Тоңазытқыштың дұрыс жұмыс істеуі үшін төмендегі орнату нұсқауларын орындаңыз.

Орнатудың алдында білу маңызды





Орнату қалпы

Тоңазытқышты тікелей күн сәулесінен және плита, ыдыс жуғыш машина және т. б. сияқты жылыту құрылғыларынан алыс орнатыңыз.

Электрлік қуат беру

- Тоңазытқышты орнатқан кезде қуат ашасы оңай салынып, алынатындығына көз жеткізіңіз.
* Тоңазытқыштың қуат көзі кенеттен өшіп қалмас үшін қуат ашасы арнайы розеткаға салынуы тиіс. Ұзартқышты немесе адаптерді пайдаланбаңыз.
* Қуат көзіне қойылатын талаптармен тоңазытқыштың сол жағындағы тақтайшадан танысуға болады.
- Тоңазытқыш жерге дұрыс тұйықталуы тиіс.

Орнатуға арналған бөлшектер тізімі

1. Алдыңғы жоғарғы пластина	2. Ілмектің қапталы	3. Тіреуішті тақта	4. Төменгі жылжымайтын пластина
			
1 дана	4 дана	2 дана (орнатылған)	4 дана
5. Нығыздау жолағы	6. Тот баспайтын болаттан жасалған жасырын бастиегі бар бұрама	7. Анкерлі бұранда	8. Жылжымайтын ұсақ пластина
	A 	B 	
1 дана	30 дана	6 дана	1 дана
9. Бұрама	10. Қалпақшалы сомын	12. Бұрандалы қақпақ	
C 	D 		
10 дана	10 дана	2 дана	


Базалық өлшемі

шкафтың өлшемі (мм)		Бұйымның өлшемі (мм)	
Бос күйіндегі таза ені	556±2	Ені	540
Бос күйіндегі таза тереңдігі	£560 (ұсынылатыны - 600)	Тереңдігі	555
Бос күйіндегі таза биіктігі	1952 ± 3	Биіктігі	1940

Орнату орны

Төмендегі нұсқауларды сақтаңыз:

- Асүйдің едені мен бұйымның түбі бірдей деңгейде болуы керек. Олай болмаған жағдайда, өнімге ауа сору мәселелері туындауы мүмкін.
* Желдетуді қамтамасыз ету үшін тоңазытқыш пен шкафтың артқы бөлігінің арасындағы минималды қашықтық 4 см болуы керек
* Бұйымды орнату орнының артқы және бүйір қабырғаларында бұйымды орнатуға кедергі келтіретін заттар болмауы керек
* Қуаттау розеткасы дұрыс күйде болуы керек.
* Бұйым орнатылатын жиһаздың өлшемдері нұсқаулықта көрсетілген өлшемдерге қатаң сәйкес келуі керек
* Құрылғыны тоңазытқыш пен мұздату камерасы бір-бірінің қасында болатындай етіп орнатпаңыз. Олай болмаған жағдайда, өнімнің ішінде конденсация болуы мүмкін және зақымдануы мүмкін.
* Бұйым орнатылатын еденнің тегістігі көпіршікті деңгей көмегімен тексерілуі тиіс.
* Орнату орны тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшырамауы керек және жылу көздерінен, пештерден және радиаторлардан алыс орналасуы тиіс.




A: Шкафқа жалғанатын шкафтың төменгі есігінің өлшемі
H: Шкафтың биіктігі
B: Шкафтың жоғарғы және төменгі есіктерінің өлшемдері арасындағы айырмашылық

Тоңазытқышты орнату алдындағы дайындық

1. Есіктің ашылу бағытын анықтаңыз

Тоңазытқыштың есігі сол жағынан ашылады. Есікті оң жағынан ашуға мүмкіндік беретін өзгерісті жасау үшін жоғарғы және төменгі ілмектерді ауыстырып, сол жағына орнатыңыз. Сызбадағы орнын ауыстырудың бағыты көрсеткі арқылы көрсетіледі. Ілмектің бекіту пластинасын орнатыңыз, сол жақтағы кішкене бекіту пластинасын шеші алыңыз, содан кейін есіктің ашылу бағыты өзгергеннен кейін оң жағына кішкене бекіту пластинасын орнатыңыз.








2. Алдыңғы жоғарғы пластинаны орнатыңыз

Алдыңғы жоғарғы пластинаны тоңазытқыштың алдыңғы жоғарғы жағына бұрандалармен бекітіңіз.




Базалық өлшемі

1. Қуат баусымын шкафтың артындағы тесік арқылы өткізіңіз. Егер розетка шкафтың ішінде болса, алдымен ашаны розеткаға салыңыз, содан кейін тоңазытқышты шкафқа салыңыз.
2. Тоңазытқышты шкафқа салыңыз, ілмектің бекіту тақтасының алдыңғы жағы корпуспен тураланууы үшін тоңазытқыштың орнын бойлық бағытта реттеңіз.


АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қуаттау баусымын қысып алмаңыз. Үзілген қуат баусымы өртке әкелуі мүмкін.

3. Бүйірлік ілмектерді 2 бұранданың көмегімен бекітіңіз (бірінші ілмекті бекітуге арналған бір бұранда, төртінші ілмекті бекітуге арналған екінші бұранда), шкафтың есігін орнатқаннан кейін, басқа бұрандаларды ілмектегі бұрандалы тесіктерге салыңыз, содан кейін бұрандаларды қатайтыңыз.




4. Түбіндегі аяқтарды бұрандалардың көмегімен шкафқа бекітіңіз.




Шкафтың жоғарғы есігін орнатудың қадамдық нұсқаулығы


1. Тоңазыту бөлігі есігінің жоғарғы монтаждау пластинасы пен шкафтың жоғарғы / сол жақ бөлігінің арасындағы арақашықтықты өлшеп, қалпын жазып алыңыз.




2. Қақпақтың қалпақшалы сомынын босатыңыз, содан кейін монтаждау пластинасын шешіп алыңыз.



3. Шкафтың есігіне монтаждау пластинасын бекіту үшін қалпын өлшеп, растаңыз, содан кейін оны бұрандалармен бекітіңіз.



4. Шкафтың есігін тоңазыту бөлігінің есігіне монтаждау пластинасының көмегімен бекітіңіз, содан кейін бұрандаларды қатайтыңыз (бұрандаларды тым қатты қатайтпаңыз, себебі оларды кейінірек босату қажет болады)
5. Тоңазытқыштың есігін шкафтың есігіне төменгі монтаждау пластинасының көмегімен бекітіңіз.




6. Мұздату бөлімшесінің есігіне шкафтың есігін орнату процедурасы тоңазыту бөлімшесінің есігіне шкафтың есігін орнату процедурасына ұқсас.
7. Тығыздағыш таспаны тоңазытқыш пен шкаф арасындағы бос орынға салыңыз.

Тоңазытқыш шкафының есігін реттеуге арналған қадамдық нұсқаулар

Тоңазытқыш шкафының есігінің жоғарғы шетін реттеуге арналған қадамдық нұсқаулар


1. Шкафтың есігін жоғарғы және төмен бағытта реттеу
   Жоғарғы бағытта реттеу: Алдымен D1 қалпақшалы бұрандасын жоғары қарай тартыңыз, содан кейін D2 қалпақшалы бұрандасын жоғары қарай тартыңыз.
   Төменгі бағытта реттеу: Алдымен D2 қалпақшалы бұрандасын төмен қарай тартыңыз, содан кейін D1 қалпақшалы бұрандасын бекітіңіз.

2. Шкафтың есігін солға және төменге / бойлық бағытта реттеу
   Солға және төменгі бағытта реттеу: D1 қалпақшалы бұрандасын босатыңыз, монтаждау пластинасын дұрыс күйге келтіріңіз, содан кейін D2 қалпақшалы бұрандасын бекітіңіз.



Тоңазытқыш шкафының есігінің төменгі шетін реттеуге арналған қадамдық нұсқаулар

1. Бұрандаларды сәл босатыңыз, содан кейін терендігін (Z) реттеп, бұранданы қатайтыңыз.
2. Тоңазыту камерасының есігінің көлденең күйін реттегеннен кейін, төменгі бекіту пластинасын тоңазытқыштың есігіне бұрандалармен бекітіңіз.



Тоңазытқышты алғаш пайдалануға арналған қадамдық нұсқаулық

Энергияны үнемдеу бойынша кеңестер

Энергияны үнемдеу бойынша кеңестер

Орнату рәсімдері кезінде

- Тоңазытқышты бөлмедегі ең төменгі температурасы бар орынға орнатыңыз, тікелей күн сәулесінен, жылыту құбырларынан, желдетуді реттейтін құрылғылардан және басқа жылыту құрылғыларынан аулақ ұстаңыз.
- Тоңазытқыштың жақсы желдетілетініне көз жеткізіңіз.

Пайдалану барысында


- Ауа айналымын қамтамасыз ету үшін тоңазытқышты өнімдермен шамадан тыс толтырмаңыз.
- Сөрелерді мысалы алюминий жұқалтырмен, балауыз қағазымен немесе мата сияқты заттармен жаппаңыз.
- Ауа айналымын қамтамасыз ету үшін тоңазытқышты өнімдермен шамадан тыс толтырмаңыз.
- Есіктің ашылу уақытын минималды қажеттілікке дейін қысқартыңыз.

Тамақы тоңазытқышқа салудың алдында


- Барлық пакеттерді алып тастаңыз.
- Өндіріс пен тасымалдау кезінде пайда болған шаңды кетіру үшін шкафты жылы ыдыс жуғыш затпен тазалаңыз.
- Тоңазытқышты бірінші рет қолданған кезде иіс болады, бірақ ол тоңазытқыш ішіндегі температура жеткілікті төмендегеннен кейін бірден жоғалады.
- Тоңазытқышқа тағамды салмай, 2-3 сағат жұмыс жасатыңыз, бұл әр бөлімшеге қолайлы температураға жетуге мүмкіндік береді.

Пайдалану барысында

Негізгі функциясымен таныстыру



Басқару панелі



Қуаттау батырмасы:	Тоңазытқыштың қуатын қосу/сөндіру
Температураны реттеу:	Таңдалған температуралық аймақтағы температура параметрлерін реттеу
Функцияны таңдау:	Жылдам суыту, жылдам мұздату, босату режимінің функцияларын таңдаңыз
Температураны көрсету белгішесі:	Ағымдағы температура аймағы үшін температура теңшелімін немесе мәнін көрсету
Жылдам суыту белгішесі:	Тоңазытқыш жылдам суыту күйінде екенін көрсетеді

1. Қуаттау батырмасы

Тоңазытқышты іске қосу

Тоңазытқыш сөндірулі болған кезде «Қуаттау батырмасын» басып, оны 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, индикатор қосылып, тоңазытқыш жұмыс істей бастайды.

Тоңазытқышты сөндіру

«Қуаттау батырмасын» басып, оны 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, индикатор өшеді, және тоңазытқыш жұмыс істеуін тоқтатады.



Басыңыз және 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз

Индикатор жанады (тоңазытқыш жұмыс істей бастайды)


Қайтадан басыңыз және 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз

Индикатор өшеді (тоңазытқыш жұмыс істеуін тоқтатады)

2. Тоңазыту камерасының ішіндегі температураны теңшеңіз

1. «Температура аймағын таңдау» батырмасын басып, тоңазытқыш пен мұздату камерасының температуралық аймағын көрсететін белгіше кезек-кезек жарқырайды.
2. Тоңазыту камерасының температуралық аймағын таңдаңыз, тиісті белгіше жанады және тоңазыту камерасындағы нақты температура көрсетіледі.
3. «Температураны реттеу» батырмасын басыңыз, температураны көрсететін белгіше тоңазыту бөлімшесінің ағымдағы теңшелімін көрсетеді және жыпылықтайды.
4. «Температураны реттеу» батырмасын тағы да басыңыз, тоңазыту камерасының температурасын теңшеу циклді түрде өзгереді: «02» - «03» - «04» - «05» - «06» - «07» - «08» - «02».


Егер 5 секунд ішінде батырма басылмаса, ағымдағы теңшелім расталады.



3. Жылдам суыту функциясы

Жылдам суыту функциясын қосу


«Режимді таңдау» батырмасын басыңыз, «Жылдам суыту» белгішесі жыпылықтайды. 5 секундтан кейін «Жылдам суыту» белгішесі жанады және жылдам суыту функциясы іске қосылады.



Жылдам суыту функциясын өшіру

Жылдам суыту режимінде «Режимді таңдау» батырмасын басыңыз, «Жылдам суыту» белгішесі жыпылықтайды.

5 секундтан кейін «Жылдам суыту» белгішесі сөніп, тоңазытқыш жылдам суыту режимінен шығады.



4. Ашық есіктер туралы сигнал беру функциясы

Егер тоңазытқыштың есігі 180 секунд бойы ашық күйінде болса, зуммер 0,5 секунд аралығымен 3 рет дабыл сигналын береді.


Егер тоңазытқыштың есігі 30 секундтан кейін әлі де ашық болса, зуммер тоңазытқыштың есігі жабылғанша 0,5 секунд аралықпен 3 рет дыбыстық сигналды қайталайды.

Тоңазыту камерасын пайдалану кезіндегі нұсқаулар мен сақтық шаралары

Тоңазыту камерасындағы орташа температурасы 0 бастап -10 °C дейін, сондықтан оны өнімдерді қысқа мерзімді сақтау үшін ғана қолдануға болады.


Әртүрлі өнімдерді сақтауға арналған ұсынылатын орын

Тоңазытқыштың әртүрлі аймақтарындағы температура әртүрлі болады, сондықтан өнімдерді төмендегі суретте көрсетілгендей ұсынылған аймақта сақтау керек:




Жемістер мен көкөністерге арналған контейнерді пайдалану

Тоңазыту камерасында сақталатын өнімдер мен көкөністер ылғалды тез жоғалтады. Өнімдер пен көкөністерде көбірек ылғалды сақтау үшін жемістер мен көкөністер контейнеріндегі ылғалдылықты ұстап тұрыңыз. Балғын өнімдер мен көкөністер денсаулыққа пайдалы.



Бөтелкелерге арналған сөрені пайдалану

- Бөтелкелерге арналған сөренің орнын сақтау талаптарына сәйкес өзгертуге болады. Бөтелкелерге арналған сөрені жоғары көтеріп, шығарып алуға болады.
- Бөтелкелерге арналған сөрені құрастырған кезде алдымен оны есік науасының шектегішіне салыңыз, содан кейін оны орнына түсіріңіз.




Тоңазыту камерасында өнімдерді сақтау кезіндегі сақтық шаралары

Ыстық тағамды тоңазытқышқа салмаңыз



Тоңазытқышқа салмас бұрын ыстық тағамды бөлме температурасына дейін салқындатыңыз. Ыстық тағамды тікелей орналастыру тоңазытқыш ішіндегі температураның жоғарылауына әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар басқа тағамдардың балғындығын төмендетеді.

Тоңазытқышта орналастырмас бұрын тағамды тазарту керек




Тоңазытқышқа салмас бұрын ыстық тағамды бөлме температурасына дейін салқындатыңыз. Ыстық тағамды тікелей орналастыру тоңазытқыш ішіндегі температураның жоғарылауына әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар басқа тағамдардың балғындығын төмендетеді.

Тамақты саңылаусыз тығыздап, оның класына сәйкес сақтау керек.




Тоңазытқышта орналастырмас бұрын тағамды саңылаусыз тығыздап жабыңыз. Өнімдерді жіктеп, оларды бөлек сақтаңыз, бұл өнімдердің балғындығын сақтап қана қоймай, иістердің араласуына жол бермейді.

Тоңазытқышта тым көп өнімдер салмаңыз




Сақтау кезінде өнімдер арасында ауа айналымы үшін жеткілікті орын қалдыру мақсатында бос орындар қалдыру керек, бұл салқындату әсерін жоғарылатады.

Майлы тағамдардың науамен жанасуына жол бермеңіз



Тамақтың, әсіресе майлы тамақтың науаның бетімен байланысы науаның тоттануына әкеледі. Майдың іздерін науаның бетінен дереу тазалу керек.

Тамақты науаға тым жақын қоймаңыз



Мұздатуды болдырмас үшін тамақты науадан қысқа қашықтықта ұстаңыз.


Мұздату камерасында өнімдерді сақтау кезіндегі сақтық шаралары

Мұздату камерасының төмен температурасы өнімдердің балғындығын сақтауға жарамды, сондықтан ұзақ уақыт сақталуы тиіс өнімдерді мұздату камерасында сақтау ұсынылады, алайда бұл ретте өнімдердің қаптамасында ұсынылған сақтау мерзімін ескеру қажет.

Ұсынылатын сақтау мерзімі және әр түрлі өнімдердің сапа кепілдігінің мерзімі.


Тағамдық өнім	сақтау мерзімі (ай)	кепілдендірілген сапа мерзімі (ай)
тауық еті, сиыр еті, қой еті, асшаяндар	4	9
тұшпаралар, мұздатылған сары май, кішкентай қабырғалар, жеміс балмұздағы	4	6
торт, нан, кесілген ет, ірімшік	2	6
теңіз шаяны, теңіз өнімдері, шұжық, балмұздақ	1	3

Толық нұсқаулар алу үшін тамақ өнімдерін өндірушісінің қаптамасындағы нұсқауларды немесе салқындату бойынша кәсіби нұсқаулықты қараңыз.
Сақтаудың нақты уақыты тағамның сапасына, мұздатылғанға дейінгі алдын-ала өңдеуге және әр отбасының тамақ сапасына қойылатын әр түрлі талаптарына байланысты.



Мұздату камерасында өнімдерді сақтау кезіндегі сақтық шаралары

Мұздату камерасында тым көп өнімдер салмаңыз.



Мұздату камерасында тым көп балғын өнімдер салмаңыз. Тоңазытқыштың мұздату камерасының сыйымдылығы туралы деректерді қараңыз.

Мұздату камерасына ыстық тамақты салмаңыз



Мұздату камерасына салмас бұрын ыстық тағамдарды бөлме температурасына дейін салқындатыңыз. Егер көп мөлшердегі ыстық тағамдарды салу керек болса, салуға дейін 12 сағат бұрын жылдам мұздату режимін іске қосыңыз.


Тамақты қажетті бөліктерге бөліңіз



2,5 кг

Салмағы кемінде 2,5 кг болатын өнімдердің кішкене бөліктері оңай мұздатылады және ерітіледі.

Өнімдерді мұздату камерасына салмас бұрын орау керек



Өнімдердің сыртқы қаптамасы өнімдердің қатып қалуын болдырмау үшін құрғақ болуы тиіс. Қаптаманың ластануды, иістерді араластыруды және өнім сапасын төмендетуді болдырмау үшін иісі болмауы тиіс, ауа және су өткізбейтін, уытты емес және таза болуы тиіс.

Тамақ өнімдері сақтау мерзіміне сәйкес белгіленуі керек



Қаптамада әртүрлі өнімдердің бүлінуіне жол бермеу үшін оларды сақтау кезеңіне сәйкес мұздату күні мен кезеңін көрсету керек.

Өнімдерді қайта мұздатудан аулақ болыңыз



Негізінде, мұздатылған өнімдерді, егер олар пісірілмеген болса, қайта мұздатуға болмайды, әйтпесе өнімнің сапасы төмендейді.

Тоңазытқышқа күнделікті қызмет көрсету

Тоңазытқышты тазарту

Тоңазытқыштың ішіндегі тамақ қалдықтары жағымсыз иістердің пайда болуына әкеледі, сондықтан тоңазытқышты үнемі тазалап отыру керек.

Тазарту бойынша қадамдық нұсқаулар

1. Қуат көзін өшіру үшін ашаны розеткадан суырып алыңыз.
2. Тоңазытқышты жылы суға немесе бейтарап жуғыш затқа малынған жұмсақ шүберекпен немесе ысқышпен тазалаңыз.

Абай болыңыз!

Тоңазытқышты тазарту үшін қатты щеткаы, болат сым щеткасын, қатерсіздендіретін ұнтақ, бензин, банан майы, ацетон, ыстық су, қышқыл немесе сода сияқты органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.

3. Тоңазытқыштың бетіндегі суды тазарту үшін құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.

Ескерту!

Тоңазытқышты тазалаған кезде ағып кетпес үшін тоңазытқыштың үстіне суды шашыратуға болмайды. Ажыратқыш және жарықдиод сияқты электр компоненттерін тазарту үшін құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.

Кеңестер: Есіктің тығыздағышы тез ластанады, оны таза ұстауға тырысыңыз.

Ескерту!

Қолмен еріту, техникалық қызмет көрсету немесе тазалау процесінде мұздатылған өнімдердің температурасының жоғарылауы сақтау мерзімінің қысқаруына әкелуі мүмкін.

Мұздату камерасы автоматты түрде ерітіледі, қол режимінде ерітуді жүргізудің қажеттілігі жоқ.

Еріту процесін тездету үшін механикалық құрылғылар мен басқа әдістерді пайдаланбаңыз.


Ескерту!

Тоңазытқышты тасымалдау


1. Қуат көзін өшіру үшін қуаттау батырмасын басып, қуат көзін өшіру үшін оны 3 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін ашаны розеткадан суырып шығарыңыз.
2. Барлық өнімдерді тоңазытқыштан алып шығыңыз.
3. Тоңазытқыштың қозғалмалы бөліктерін, мысалы, жәшіктер, сөрелер, жемістер мен көкөністерге арналған контейнерлер және т. б. бекіту үшін жабысқақ таспаларды қолданыңыз.
4. Тоңазытқыштың есігін жауып, тасымалдау кезінде есіктің ашылуына жол бермеу үшін оны жабысқақ таспамен бекітіңіз.
5. Тасымалдау кезінде тоңазытқыш пен тік бағыт арасындағы көлбеу бұрышы тоңазытқыш жүйесінің жұмысында іркілісті болдырмау үшін 45 градустан аспауы керек.

Абай болыңыз!

Тоңазытқышты көлденең беке қоюға болмайды.







Тоңазытқышты пайдалануды тоқтату

Электр энергиясын өшіруге байланысты мәселелерді шешу

- Тіпті жаз мезгілінде де электр қуатын өшіргеннен кейін 10 сағат ішінде тағамды сақтауда қиындықтар болмайды.
- Электр энергиясын өшіргеннен кейін тоңазытқышта өнімнің жаңа бөлігін орналастыруға болмайды. Тоңазытқыштың есігін ашпауға тырысыңыз
- Егер сіз жақын арада электр энергиясын өшірілуі туралы білсеңіз, саңылаусыз контейнерде көбірек мұз дайындап, оны мұздату камерасының жоғарғы жағына қоюға болады.



Электр энергиясын берудегі үзілістер немесе басқа ақауларға байланысты мұздату камерасындағы температураның жоғарылауы сақтау мерзімін қысқартып, өнімдердің сапасын төмендетуі мүмкін

Демалысқа кету

- Егер бұл қысқа мерзімді демалыс болса, тез бұзылатын тағамдарды шығарып алыңыз, температураны қажетті деңгейге дейін реттеңіз және расталғаннан кейін тоңазытқыштың есігін жабыңыз.

Пайдалануды тоқтату кезеңі

- Егер тоңазытқышты пайдалануды ұзақ уақытқа тоқтату қажет болса, ашаны розеткадан суырып алыңыз, қуат көзін өшіріңіз және жоғарыда сипатталғандай тоңазытқышты тазалаңыз.





- Пайдалануды тоқтату кезінде тоңазытқышта жағымсыз иіс пайда болмас үшін тоңазытқыштың есігін ашыңыз.
- Қуат көзін өшірген кезде, оны қайта қоспас бұрын кем дегенде 5 минут аралық қалдырыңыз.
- Жалпы алғанда, тоңазытқыштың қызмет ету мерзіміне теріс әсерді азайту үшін оны пайдалануды тоқтатпаңыз
- Аспапты көдеге жаратуды тиісті процедураға сәйкес немесе кәсіби компаниялар орындауы керек. Ешбір жағдайда аспапты қоршаған ортаға зиян келтірмеу немесе басқа зиян келтірмеу үшін тастауға болмайды.

Жарамсыздықтарын анықтау және жою


Тоңазыту жүйесінің ақаулықтары

Ақаулық	Ықтимал себептері және оларды жою
Салқындатудың болмауы	1-себеп: ПТК стартерінің дұрыс жұмыс істемеуі
	2-себеп: компрессордың тұрақсыз жұмысы - шамадан тыс жүктелімнен қорғаныс құрылғысын тексеріңіз
	3-себеп: тоңазыту контурын бұғаттау
	4-себеп: желдеткіштің дұрыс жұмыс істемеуі
Салқындату температурасы талап етілетін температураға сәйкес келмейді	1-себеп: салқындатқыш агенттің жылыстауы
	2-себеп: мұздату камерасындағы салқындатудың болмауы - желдеткіштің дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз
	3-себеп: мұздату камерасы буландырғышының қатты мұздануы, бұл ауаның еркін айналымына кедергі келтіреді
Көтеріңкі шуыл	1-себеп: түтіктер бір-біріне өте жақын орналасқан, олардың жанасуы резонансқа әкеледі
	2-себеп: тым жоғары айдау температурасына байланысты жүйедегі шамадан тыс ауа ағыны
	3-себеп: желдеткіштің үнсіз жұмысына басқа компоненттер кедергі келтіреді

Электр компоненттерінің жұмысына байланысты ақаулар

Ақаулық	Ықтимал себебі	Қажетті әрекеттер
Компрессор жұмыс істемейді	Стартердің немесе компрессорды қорғау құрылғысының ақаулығы	Жөндеңіз немесе алмастырыңыз
Мұздату камерасы салқындатпайды	Желдеткіш қалақшасының сынуы немесе нашар бекітілуі	Бекітіңіз немесе ауыстырыңыз
Мұздату камерасының қатты мұздануы	Көптеген жалғағыш клеммаларын босату	Мықтап бекітіңіз
	Еріту температурасының қадағасы істен шыққан	Жаңасына ауыстырыңыз
Компрессордың тұрақсыз жұмысы	Тоңазыту жүйесінің ақаулығы	Жоғарыдағы кестені қараңыз

ҚОСЫЛУ СЫЗБАСЫ



Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	ADRF310WEBI
Атаулы кернеуі	220-240 В/50 Гц
Қуаттылығы/Тоқ	110 Вт/0,7 А
Климаттық класс	SN/N/ST
Электр тоғымен зақымданудан қорғаудың класы	I
Энергия тиімділігінің класы	A
Бағалау	4
Жалпы пайдалы көлемі	310 л
Мұздату камерасының көлемі	62 л
Салқындатқыш агент	R600a
Көбік түзгіш	Циклопентан
Габариттер (Е*Т*Б), см	54x54,5x193,7
Энергияны тұтыну	0,972 кВт сағ/24 сағ
Мұздату камерасының өнімділігі	3,5 кг
Таза салмағы	58 кг

Ескертпелер: Технологияның үздіксіз дамуы мен өнімнің дизайнын жақсарту себебінен пайдаланушы нұсқаулығындағы мәліметтер өнімнің нақты сипаттамасынан сәл өзгеше болуы мүмкін. Бұйымның нәлінде (техникалық деректері бар тақтайшада) келтірілген деректер басым болып табылады.

Өндіруші:
МЭДЖИК ЭППЛАЙЭНС КОРПОРЕЙШН, Итали Индастри Парк,
Танкоу Роуд, Экономик энд Технолоджи Зоун, Хэфэй, Қытай.
Импорттаушы:
«Асколи Кухонные Системы» ЖШҚ
Ресей, Мәскеу, Мир даңғылы, 106-үй, І-орынжай,
28-бөлме (№321).Тел: (495) 682-48-77